

**"Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 ақпандағы N 05/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 наурызда N 2246 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 мамырдағы N 12/02 қаулысымен

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 02.05.2013 N 12/02 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745 қаулысына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті **бекітілсін.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Нөкешке **жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтоғай ауданының әкімі* **С. Әбеуова**

Ақтоғай ауданының әкімдігінің  
2013 жылғы 14 ақпандағы  
N 05/04 қаулысымен  
бекітілген

# **"Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

## **1. Негізгі түсініктер**

1. Қолданылатын терминдер мен аббревиатуралар анықтамасы:

- 1) ҚФБ - мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мүдделі органдардың жауапты тұлғалары - құрылымдық-функционалдық бірліктері, ақпараттық жүйелері немесе олардың қосалқы жүйелері;
- 2) уәкілетті орган – "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Осы "Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру рәсімін айқындайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

3. Мемлекеттік қызмет "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) көрсетіледі, тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет алушы мемлекеттік қызмет алуға кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтың әкіміне (бұдан әрі - ауылдық округтың әкімі) жүгінеді, байланыс деректері осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін

қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" N 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларының , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" N 394 қаулысының негізінде к ө р с е т і л е д і .

6. Мемлекеттік қызмет алушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама (бұдан әрі - анықтама) не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері осы регламенттің 13-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 минуттан аспайды;

2) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің шекті ең көп уақыты бір мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) мемлекеттік қызмет алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты - 15 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Уәкілетті органның және ауылдық округ әкімінің жұмыс кестесі: демалыс және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген мереке

күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен күн сайын  
сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

11. Мемлекеттік қызмет алушыдан өтініш алған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті органға немесе тұрғылықты жері бойынша ауылдық округ әкіміне осы регламенттің 13-тармағында айқындалған қажетті құжаттармен бірге өтініш береді;

2) уәкілетті орган немесе ауылдық округ әкімі анықтаманы дайындайды, тіркейді немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты қарауды іске асырады және мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін береді.

12. Уәкілетті органда және ауылдық округ әкімінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкерді құрайды.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекет) тәртібінің сипатталуы**

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға және ауылдық округ әкіміне мынадай құжаттарды ұсынады: жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан азаматтары - жеке куәліктің (паспорт) көшірмесі, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ыхтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігінің көшірмесі).

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқалар мен көшірмелерде не нотариалды расталған көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары мемлекеттік қызмет алушыға қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген кезде, мемлекеттік қызмет алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға (отбасына) тиесілігін растайтын анықтама беріледі.

15. Анықтама беру мемлекеттік қызмет алушының жергілікті жеріндегі уәкілетті органға (кенттер мен селолық округ әкімдеріне) жеке өзінің баруы арқылы жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызмет алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беруден бас тарту ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтер болмаған жағдайда жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет беруді тоқтата тұру үшін негіздеме жоқ.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) қатысады:

- 1) ауылдық округ әкімі;
- 2) ауылдық округ әкімінің маманы;
- 3) уәкілетті орган басшысы;
- 4) уәкілетті органның жауапты тұлғасы.

18. Әр әкімшілік әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдердің) реттілігі мен өзара әрекеттесуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

19. Мемлекеттік қызметті көрсету үрдісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігі және ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызба осы регламентке 3-қосымшада келтірілген.

## **5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін уәкілетті орган басшысы және ауылдық округ әкімі жауапты тұлға болып табылады (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар).

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметтің сапасына және белгіленген мерзімінде іске асырылуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

"Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1 қосымша

### **"Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті орган және ауылдық округ әкімінің байланыс деректері**

| N | Кент, село, ауылдық округ атауы | Мекенжайы  | Телефон нөмірі |
|---|---------------------------------|--|----------------|
| 1 | Ақтоғай                         | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосы, Бөкейхан көшесі, 7, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 8710372 1      |
| 2 | Абай                            | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Абай селолық округі, Абай көшесі 8, "Абай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                                 | 871041 23      |
| 3 | Айыртас                         | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас селолық округі, "Айыртас селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі  | 871041 52      |

|    |              |  |           |
|----|--------------|--|-----------|
| 4  | Жидебай      | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай селолық округі, Жастар көшесі 1, "Жидебай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі           | 871037 30 |
| 5  | Keжек        | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Кежек селолық округі, "Кежек селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                                | 871041 29 |
| 6  | Қараменде би | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би селолық округі, "Қараменде би селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                  | 871037 30 |
| 7  | Қусақ        | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ селолық округі, "Қусақ селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                                | 871059 52 |
| 8  | Қызыларай    | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай селолық округі, Сеңкібай би көшесі 37, "Қызыларай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 871037 24 |
| 9  | Қарабұлақ    | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ селолық округі, "Қарабұлақ селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                        | 871059 52 |
| 10 | Нүркен       | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен селолық округі, "Нүркен селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                              | 871037 23 |
| 11 | Ортадересін  | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін селолық округі, "Ортадересін селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                    | 871038 70 |
| 12 | Сарытерек    | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек селолық округі, "Сарытерек селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                        | 871037 30 |
| 13 | Сарышаған    | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған поселкесі, Абай көшесі 1, "Сарышаған поселкесі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                   | 871038 22 |
| 14 | Тасарал      | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал селолық округі, "Тасарал селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                            | 871041 26 |
| 15 | Тораңғалық   | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тораңғалық селолық округі, "Тораңғалық селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                      | 871038 70 |
| 16 | Шабанбай би  | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би селолық округі, "Шабанбай би селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                    | 871037 26 |
| 17 | Шашубай      | Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті, Ж. Ақбергелұлы көшесі 16, "Шашубай кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі                    | 871038 21 |

"Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2 қосымша

**Әр әкімшілік әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдердің) реттілігі мен өзара әрекеттесуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы**

1) уәкілетті органға өтініш берген кезде:

**1. Кесте ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы**

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
| Негізгі үдерістің әрекеттері (барысы, жұмыс ағыны) |  |  |  |
|  |  |  |  |

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| Әрекет N (барысы, жұмыс ағыны)  | 1  | 2  | 3  |
| ҚФБ атауы   | Уәкілетті органның жауапты тұлғасы   | Уәкілетті органның басшысы   | Уәкілетті органның жауапты тұлғасы   |
| Әрекеттердің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипатталуы | Өтінішті қабылдау, құжаттарды тексеру, тіркеу, анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау | Анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою                                     | Анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу                        |
| Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушы-өкімдік шешім)               | Уәкілетті орган басшысына анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қоюға жолдау              | Уәкілетті органның жауапты тұлғасына анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдау | Мемлекеттік қызмет алушыға анықтама немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты беру |
| Орындалу мерзімдері   | 5 минуттан аспайды   | 5 минуттан аспайды   | 5 минуттан аспайды   |

## 2) ауылдық округ әкіміне өтініш берген кезде:

|   |  |   |  |
|---|--|---|--|
| Негізгі үдерістің әрекеттері (барысы, жұмыс ағыны)                            |  |   |  |
| Әрекет N (барысы, жұмыс ағыны)  | 1  | 2   | 3  |
| ҚФБ атауы   | Ауылдық округ әкімінің маманы  | Ауылдық округ әкімі   | Ауылдық округ әкім маманы  |
| Әрекеттердің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипатталуы | Өтінішті қабылдау, құжаттарды тексеру, тіркеу, анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау | Анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою                                | Анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу                        |
| Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушы-өкімдік шешім)               | Ауылдық округ әкіміне анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қоюға жолдау                  | Ауылдық округ әкімінің маманына анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдау | Мемлекеттік қызмет алушыға анықтама немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты беру |
| Орындалу мерзімдері   | 5 минуттан аспайды   | 5 минуттан аспайды  | 5 минуттан аспайды   |

"Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету көрсету регламентіне 3 қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісіндегі әкімшілік әрекеттерінің логикалық реттілігі және ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызба

1) уәкілетті органға өтініш берген кезде:



## 2) ауылдық округ әкіміне өтініш берген кезде:





